

Әдеби  
тәнүарлар

ӘМЕНАЙ ТҮРДАҢЖАНОВ  
ТҮРДАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР





ОТЕБАЙ  
ТУРТАНЖАНОВ  
туралы естеліктер



Алматы "Білім" 2005

ББК 84(5Каз)

Т 85

*Құрастыргандар:*  
Долорес Тұрманжанова, Ләйлә Тұрманжанова,  
Қазына Нурмаханова

**Т 85 Өтебай Тұрманжанов туралы естеліктер.** — Алматы,  
“Білім” баспасы, 2005. — 192 бет + 12 бет сурет.

ISBN 9965-09-354-7

Қадірменді оқырман қауым, назарларыңызға ұсынылып отырған кітап казақ балалар әдебиетінің классигі Өтебай Тұрманжанов туралы жазылған естеліктерден құралып отыр.

Әдебиетіміздегі үлкен тұлғалардың бірі Өтебай Тұрманжановтың ұлағатты өмір жолы, қаламгерлік келбеті замандастырының, ізбасар інілерінің, сыншылардың естеліктері жас үрпаққа тағылымды болатыны сөзсіз.

Кітап әдебиет пәнінің мұғалімдеріне, жалпы копшілік оқырманға арналған.

T 4702250200  
412(05)-05

ББК 84(5Каз)

ISBN 9965-09-354-7

© “Білім” баспасы, 2005



## ДОС ТУРАЛЫ СӨЗ

Сәбит МҮҚАНОВ

Қазақ өдебиетінің корнекті өкілдерінің бірі, ақын Отебай Тұрманжановтың жасы алпысқа толды.

Алғаш ірге тасын Сәкен Сейфуллин қалаған қазақ өдебиетінің жиырмасынышы жылдарының бірінші жартысындағы кадрларының саны саусақпен санағандай шағын болатын. Сол түнғыш топтың ішінде бүгінгі той иесі, ақын Отебай Тұрманжанов та бар еді. Отебайдың есімін мен өзін көрмей тұрып, таныспай тұрып естігемнін. Октябрь революциясы мен советтік құрылыштың бастапқы кезеңі тап тартысының шиеленіскең оқиғаларына толы екені тарихи құжаттардан мәлім. Сол тұста екінші бұкаралық қалың ортасынан шыққан революцияшыл жас қазақ өдебиетшілері білімдерінің аздығына, қаламдарының тоселіп болмағанына қарамастан, тап жауларына қарсы идеологиялық қуреске қызу араласқан-ды.

Әрине, мұндай жағдайда байшылдық-ұлтшылдық бағыттағы жазушылар да қарап жатпады, қолдарынан келгенше өз идеяларын уағыздауға тырысты, баспасөз бетінде бізге жат контрреволюциялық пікірлерін таратуға жанталасып бакты. Сондықтан Орынбордағы бір топ советтік жас жазушылар, алашордашыл ақындардың біріне әдебиеттік сот құрған. Дәл осындаи сотты 1923 жылы Москвада оқитын қазақтың революцияшыл рухтағы жастары да жүргізді. Сол сотта белгілі революционер, қоғам қайраткері Фани Мұратбаев басқаралын Түркістан республикасы комсомол үйымының жолдамасымен 1922 жылы Шығыс еңбекшілерінің университеттегі келіп түскен Отебай Тұрманжанов баяндама жасап, байшыл ақынның бет пердесін сипырып, советтік құрылышқа қарсы пиғылын әшкерелеп берді. Біз құрметтеп, торқалы тойын атап откелі

отырған Отебай Тұрманжанов әдебиеттегі алғашкы адымын тап күресінің осындай қиян-кескі кезінде бастаған болатын.

Осылайша сырттай танысын, сырттай жақсы коріп жүрген Отебаймен мен түнғыш рет 1927 жылдың күзінде Та什кентте жүздестім. Жоғарыда аталған университетті 1925 жылы төмамдаған Отебай менімен жолықкан уақытында Та什кенттегі коммунистік университеттің әдебиет пәнінің мұғалімі болып кызмет істеп жүр екен.

Советтік өзге республикалардағыдан, Түркістан республикасында да, кезінде коптеген игілікті істер істелгені баршаға аян. Әсіресе, тап тартысының өрістеп тұрған шағында оның Совет Одағының шығысында болуына байланысты байшыл-ұлтшыл элементтердің бір тобы Та什кент қаласына шоғырланған еді. Соларға қарсы идеологиялық күрестің бел ортасында болған Отебай Тұрманжанов еңбекші бұқара жастарын коммунизм рухында тәрбиелеу ісіне үлкен үлес қосып жүргенін оз козімізбен кордік.

Отебай бір қарағанда оте момын, жуас адам сияқты, мінез жағынан солай екені де рас. Бірақ идеологиялық жұмыста, әсіресе, әдебиет саласында ол партиялық принципшілдіктің үлгілі өнегесі болардай.

Отебай Тұрманжановтың алғашқы олендерін мен Та什кентте шығып тұрған «Ақжол» газеті мен «Жас қайрат» журналының беттерінен оқыдым. Ақын бұл шығармаларында Октябрь революциясының қазақ дала-сына әкелген игіліктері мен советтік құрылыштың аршынды адымдарын жырлаған еді. Сойтіп жүргендеге 1925 жылы менің қолыма оның «Таң олендері» атты алғашқы кітабы түсті. Міне, осы жинақ Отебайдың әдебиетке біржолата бағытталған енбегінің басы болды. 1927 жылы Қызылорда қаласында сол кездегі советтік ақындардың шығармаларынан құрылған «Ақындар шашу», «Ленин» атты екі жинақ жарық корген-ді. Осы кітаптардан да Отебай олендері өзіне лайықты құрметті орнын алған болатын.

Отебай «Таң олендерінен» кейін, бірде жырларының, бірде әңгімелерінің жинағы етіп, бірде поэмалары, енді бірде балаларға арналған кітабы етіп толып жатқан елеулі еңбектер берді.

Шығармашылық қадамын жылдан-жылға ілгеріле-тіп, үлттық әдебиетімізді байытуға аянбай ат салысып келе жаткан Отебай Тұрманжанов жеке адамға табынудың зиянды зардабынан 1938 жылдан бастап жиырма жылдай уақыт әдебиет ісінен амалсыз қол үзді. КПСС ХХ съезінен кейін азаматтық, партиялық, мәдениеттік жөне әдебиеттік праволарының бөріне қайтадан ие болған ол бұрынғы қызу қарқынынан өлі қайтпағанын, күш-қуатының өлі мол екенін танытты. Отебай кейінгі он шақты жыл ішінде жүртшылығымыз жылы қабылдаған он беске тарта поэзиялық туынды, балаларға арналған қыруар шығармалар жариялады. Бұлармен қатар ол орыс, өзбек және басқа тілдерден көптеген коркем әдебиет нұсқаларын қазақшаға аударумен шұғылданды. Олардың ішінен өзбек әдебиетінің қазіргі классик ақыны Fafur Fұlam шығармаларын боліп айтуға болады.

Отебай Тұрманжанов қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап бастыруға ерекше көңіл бөліп келеді. Әсіресе қазақ халқының мақал-мәтедерін жас үрпак игілігіне ұсынуда Отебайдың еңбегі ересен. Халық мақал-мәтедерінен ол құрастырған торт кітап соның айқын айғағы.

Қадірлі ақыннымыздың соңғы жылдары айрықша коніл аударып жүрген жанры – балалар әдебиеті. Бұл салада ол ауыз толтырып айтарлық өнімді еңбек етіп, көптеген коркем туынды берумен қатар «Жазушы» баспасында сегіз жыл үдайымен балалар әдебиеті редакциясын басқарып келеді. Баспаның үлкен істе-рінің бірінен саналатын бұл редакцияда балалар тақырыбына қалам тартатын жазушылардың белсенді еңбек етуінде, олардың жарамды шығармаларының жарық коруінде, жас талапкерлерге ақыл-кенес беріп, жұмыс істесуде Отебайдың үйымдастыруышылық рөлі ерекше.

Әдебиетіміздің тынымсыз еңбеккери, өнімді Отебайдың ақындық үні бәсендемей, әлі де биік шындарға құлаш үруына, дені сау болып, шығармашылық табыстарға жете беруіне тілектеспіз.

## ӨЗІМ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Отебай ТҮРМАНЖАНОВ

Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі Отебай Тұрманжанов (1905–1978) есімі бәрімізге етепе таныс. Оның контеген дәмді дүниелері жасақ оқырмандардың рухани азығына айналды. Жазушы мұрагатынан алынған «Өзім туралы әңгіме» ол балалық шағына, откен оміріне коз жібереді. Жас үрпаққа үлгі боларлық жайларды сыр етіп айтады.

Бір күні өлдекалай алты немерем алты жағымнан қоршалап: – Ата, атажан, Сен де бізге үқсан кішкене бала болдың ба? Қолыңа шыбық алып көбелек қудың ба? Жоқ, ешуақытта бала болмай, гүл термей, көбелек күмай нақ осы қалпында ак жарқын, ақылды болып тудың ба? – деп, сұрау үстіне сұрау жаудырып ортаға алмасы бар ма. Алғаш не дерімді білмей, сасынқырап қалдым. Бетіме лып етіп ойнақтап ыстық тер шыға келіпті. Үлкен ак орамалыммен терімді сұртіп, есімді жинап алып: осыны сендер білмей, білгілерің келіп, шындарыңмен сұрап отырсындар ма? – дегендей жазыққа үпір-шүпір қоралана шыққан жауқазындей балалардың сүйкімді түрлөтіне қарап, бала кезімде жайсан мінез, жаны жақсы қарияларды көргенде, өзімнің де нақ осылай ойлағаным есіме түсіп, аз-кем езу тартып күлімсіредім.

– Әне, анау Богеннің жағасындағы біздің шолақ маяның мойнындей іірілген имек түбекте үш қараша үй отыр: он жақтағы Қыздарғұл жеңешемнің кіші отауы, ортасындағы онан әлпеттірек қараша, арбиған үй біздікі, сол жағымындағы менің кіндік шешем Жұмаштың үлкен отауы. Біздің есіктің алдында өлдекашанғы жарық-жарық бол тозығы жеткен ескі келісіне менің апам арпа талқан түйіп тұр. Түс кезінде бізге шолақ маяның сүтіне талқан қарып береді. Үйдің коленқесінде біздің атам заманғы қаңғыбас қара төбет жатыр. Оның аяқ жағындағы алакөленкеде «шекем тас» ойнап отырған жалаң аяқ, жалаң бас үш баланың біреуі мен. Жаңағана Богеннің сұына шомылып, құмына аунап келіп, үй коленқесінде ойнап отырған кезіміз. Анау ауыл артындағы түбекшеде жантакқа жайылып тұрған біздің шолақ мая, қасындағы алабұтаның ішінде корінер-

корінбес арқандаулы түрған оның арық ботасы. Құйрығы шолақтықтан маса, сонаға жем болған шолақ майны аяп апам оған кебек, қауын-қарбыздың қабығы мен шопағын береді.

Күн қынып, ыстығы аздал басылған соң досым Қасен екеуміз инеден иіп жасап алған қармағымызды алып Бөгеннен балық аулаймыз. Айна секілді дөңгелек молдір айдынды іірімнің ортасындағы отау үйдің орнында аралшадағы жасыл құрак пен қарақошқыл қоғаның аясында аққудың гүлі дейтін әдемі ақша гүлдер оседі. Халық мұны «тұңғиық» деп те атайды. Бұл тазалықтың, адалдықтың бейнесі – «аққудың ақша гүлі» деп халық есіркеп ешкімге жұлдырмайды, аяйды. Біз Қасен екеуміз балық аулаудан гөрі аралдағы аққудың ақша гүліне кобірек ынтыға қарап тамашалаймыз. Ол кіршіксіз таза ақ маржан сықылды алқаланып желмен ойнап, суды бойлап, айдынға аққуды шақырады да тұрады. Күндіз келуге именетін жұбай аққулар күнде тұнде келіп ақ маржан гүлді аялап айнала жүзіп, ойнақшып, сыңқылдан сұлу өніне салып, таңға жақын кісі көзіне шалынбай ұшып кетеді екен деседі халық.

Богеннің жарын жағалап құстар ұя салады. Ұя салған көгершін, кок қарға, қарлығаштар жұмыртқасын басып, балапанын ашып, оны ұшырғанша жар басында отырып балапандарын шырылдан қорғаумен болады. Ана дегенді қойсайшы. Біз Қасен екеуміз оларға жанымыз ашып, бұзақы, сотанақ балалардан, қара құс пен қасқунем жыландардан ара түсіп қорғайтынбыз. Құс екеш құс та жақсылықты сезеді ғой. Қасен екеумізді аялап арқамыздан қаққандай қарлығаштар кейде басымыздан, кейде қасымыздан қорықпай зып етіп айналып отетін.

Қасен менен бір-екі жас үлкен, бойшан, шымыр әрі күштірек болатын. Қүрессе жығылмайтын бала жок. Ол Бөгеннің таза молдір сұына сұңғіп, айдынды ііріміне кең құлаш ұрып жұзуді де жақсы коретін. Маған апам суға тұсуге рұқсат етпейді. Онда менің алтыға жаңа шыққан кезім. Суды кешуге де жүрексінөм. Жұзуді атымен білмеймін. Бір күні аспан айналып жерге тұсken өте бір өзгеше ыстық күн болды. Даға өртеніп жатқан сияқты, жалынның иісі шығады. Торғай біткен шиқылдасып, бұтаниң көлеңкесіне таласып, кар-

ғалар қалбаңдай ұшып жар коленкесіне тығылып жатады. Қасен жеідесін шешіп қолына алып, Богенге қарай жүгірді. Үлкендерден, апамнан жасырынып оның артынан мен де жүгірдім Қасен жүгірген бойы дамбалын аяғының басынан сыпрып тастады да суға қойып кетіп, сұңғіген бойы Богеннің арғы жағасынан бір-ақ шықты. Ет қызуымен мен де койлек-дамбалымды үстімнен сыпрып тастай салып суға козді жумып күмп ете қалыптын. Соң соң судың жағасында жатқанымды бір-ақ білдім. Қасен мені ажалдан алып қалыпты. Осы бір конілсіз қылыштан соң Қасен маған жүзуді үйретті. Жүзуді үйреніп алған соң судан шықпай апамды зар қақсататын болдым. «Бассаң пөле аяқ астында» деген ғой, бір күні Қасенім ойламаған жерден бақытсыздыққа ұшырамасы бар ма? Жақын ағайының асау тайын бас білдіріп бере қоям деп, аспанға секірген долы тайдың үстінен ұшып кетіп аяғын сындырып алды. Содан бері қарай менің Қасен досым балдақпен жүретін болды.

Әлі есімде, жылдың жүртты жадыратқан ең бір әдемі жастық шағы гүлді қоқтем еді. Құн құркіреп – дүниені дүр сілкіндіріп, жұпар жаңбыр жауып отті. Жаңбыр сұна жуынған дала шайдай ашылып, жайнап құлпыра түсті. Жауқазын гүлін ашты, таңғы шық меруерт шашты. Кербез кең дала қызғалдақ кілемін төсеп, құрметті қонағын құткендей салтанат құрған керім бір сөүлетті шақ. Барлық балалар маржан шыққа малшынып тобе-төбенің астынан, сай қуалай жарысып жауқазын қазып қызғалдақ тереміз. Артымызыда үйіне сүйеніп жабығып, жалғыз ғана Қасен қалады. Ол байғұс қанаты қырқылған қарлығаш тәрізді. Қалай аямассың оны. Сорлы Қасен. Үйірінен айрылған тайдай сорлады да қалды. Балалардың бәрі оны аяйды. Кейде оның аяғына қарап, козінен жасы мөлтілдеп жылап тұрғанын коріп жанымыз ашып жүрегіміз үзіліп кете жаздайды. Гүл тергенде оның сыбағасын да қоса теріп, бір құшақ гүл әкеліп береміз. Өзіміздей бала ғой, оған қуанады. Бізге рахмет жаудырады. Бірақ өз аяғымен жүгіріп жүріп, өз қолымен термегенше жаны ауыратын сияқты. Қасен коп құлмейтін болды. Ойынға да зауқы шаба бермейді. Қабағына қайғы үйріліп, кам көніл болды да қалды. Бір күні маған Богеннің жағасындағы қамыстан бірнеше талын кесіп алып келіп берші деп отініш айт-

ты. Мен оның ол отінішін қуана-қуана орындағым. Қасен ол қамыстан кесіп, тесіп, ойымыстал, орнектеп тамаша бір сыйызғылар жасады. Ол сыйызғы кейде бұлбұл болып сайрайды, бозша торғай болып шырылдайды. Кейде онаша отырып сыйызғысын сыңсылатып тартқанда зарлылығы сонша, жылағың келеді. Қасен осы сыйызғысмен тартатын мұңлы бір он де ойлап шығарды. Сойтіп жанынды мұнға болеп тербететін әнімен өзінен кетіңкіреп қалған балаларды өзіне үйіріп қайтадан жинал алды. Бұл шұмектей қарыс сүйем сыйызғымен тартылған саздар арқылы Қасен ішін ортеп бара жатқан улы шерін сыртына шығаратын, жұртқа тілсіз мұнын шағатын еді. Осы тұста Қасеннің қолынан пышақ, өткір шапашот түспейтін болды. Бірден-нелерді жонғылайды да жатады. Әлі есімде, арада екі жыл өткен соң ағаштан ойыншық сиякты сүйкімді домбыра жасап алды. Қобызбен күй тартса, домбырасымен жыр айттып балалар былай тұрсын, үлкендер құмартып тыңдайтын неше түрлі ән салатын өнерпаз болып, аяғының кемдігін өнерімен толтырды. Ол оте дарынды бала еді. Бір мезгіл ескі мектептің есігінде отырып, зеректігі сонша бас-аяғы екі-үш айдың ішінде хат танып алғып, жұртқа әндептіп «Қызы Жібек» хиссасын да оқып беріп жүрді. Мен Қасен әндептіп оқыған «Қызы Жібекті» үлкендермен бірге тыңдайтындағы бастан-аяқ жатта алғаным бар. «Қызы Жібек» хиссасын қолыма алғып, бетін ашып отырып, балаларға сан рет саулатып «оқып» бергенім бар. «Саған молданың алдын көрмей-ақ оқу дарып кетті ме?» – деп балалар таң қалатын. Осе келе Қасен өз әкесіндей темірге тіл, жансызға жан бітіретін шебер зергер болып та үлгерді. Оның қолынан шыққан үзбелі сырғаға, бедерлі ілгекке, козіне қондырған тасы жанып тұратын жүзікке, жылан бауыр білезікке жұрт таңырқап қарай тоймайтын.

Көбінесе қыс кезіндегі ауыл әншілерінің салған өні, жыршыларының айтқан жыры, өзіміздің Қасеннің әндептіп оқитын «Қызы Жібегі», барлық балалар болып жиналып алма-кезек айтатын таң-тамаша ертеғілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар мені бала шағымнан созге үйретті. Балалармен «қан алшы», «шекем тас» ойнап отырсам да бір құлағым үлкен ақсақалдардың сөзінде болатын. Кейін менің жазушы болуыма да жол тапқан осы сөз құмарлық болуы ықтимал.

1917 жылы елді орнынан қозғаған тілсіз жау – ашаршылық – түсі сұық «жылан жұт» олі коз алдында. Ұзаққа созылған қаһарлықтың, бұрынды-сонды шоп жинап үйренбекен жүрттың азын-аулақ аша тұяғын қырды да салды. Когенін ұстап, кокке қарап қалған халық қалалы, қыстақты қәсіпкер жерлерден, тарықпайтын тамыр тартып отырған диханды елдерден талға іздеп, ата мекенінен ауып босып кетті. Нак осы жолы еңсесі түскен елдің рухын котерген, ашаршылықтың, жоқшылықтың негізі ескілік дүниесі қанауышылықпен құресуге үнделп, жүрт-жүргіттың басын қосқан, адам баласына мөңгі коктем алып келген Октябрь социалистік революция болды. Тас жүрек мейірімсіз аштық ой-шәйіне қаратпай әлдеқайда айдаған жүрттың балалары жыласып айырылысты. Кетіп бара жатып Богенге қарап козімнің жасын іркіп алам. Қәсіпкер зергердің баласы менің Қасен досым өзіміздің Богенде қалды. Үйіне сүйеніп қоңылсіз тұрып сен де қал деп маған қолын бұлғайды. Мені әке-шешем қолымнан жетелеп әуелі орыс қыстағы «Темірланға» бардық, онда тұрақтай алмай шұбырып темір жол бойындағы Арысқа барып тұмсық тіредік. Арыстан да қайыр болмаған соң «Ташкент – астықты қала» дегенді есітіп, сонда жеттік...

Менің ересектеу болып, есімді біліп қалған кезім. Екі-үш күн нағашымның үйінде болып, қораға келіп жүрген аш-жалаңаш панасыз балалармен танысып, оларды озімізben бірге қондырып, аштан өлмеу үшін солардың қылышын үйреніп, тобына қосылдым да кеттім. Көше баласы болып көп жүрдім. Әбден қатайып алдым. Біреудің сұын әкеп беріп, біреудің отынын жарып беріп, тіпті біреуге товар станциясынан ебін тауып сексеуіл, көмір әкеп беріп, қатқан нанын жеп, қалдырыған кожесін ішіп жан сақтап журе бердім.

1919 жылы белгілі комсомол басшысы Фани Мұратбаев бастаған Ташкент комсомолдары көше баласы болып жүрген біз сияқты аш-жалаңаш панасыз балаларды жинап алып, үйсіз-күйсіз, жетім-жесір балаларға арнап ашылған мектеп-интернатқа орналастыра бастады. Коктен күткен бақыт жерден табылып мен № 4 мектеп-интернатқа орналастым. Жайлар жылы жатақханаға жатқызды. Моншаға жуындырды, жаңа киім кигізді. Сол интернатта қолымызға кітап алып, ықылас қойып

оку оқып, хат таныдық. Аламдық әдепке үйрендік. Интернат – оз үйіміздей, кенес үкіметі – әке-шешеміздей болды да кетті. Ең алғаш осы интернатта Лениннің сүйікті атын есіттім. Осы бақытты бізге берген Кенес өкіметі, оны орнатқан Ленин деді бізге комсомол билетін беріп тұрып тәрбиесіміз әрі сүйікті үстазымыз осы интернатқа бізді өзі орналастырған Фани Мұратбаев. Сол күні мен Ленин косемге деген сүйіспеншілігіндегі білдіріп қабырға газетіне «Ленин біздің жарық күн» деген олең жаздым. Осы күнге дейін косемге деген сүйіспеншілігі менің олеңдерімнен үзілмей келеді.

1922 жылы Түркістан комсомолы мені Лениннің озі түрған, революция туын тіккен ұлы қаласы, қызыл Москвадағы күншығыс енбекшілеріне арналған коммунистік университетке оқуға жіберді. Мұнда қуанбағанда қайда қуанарсың. Мен Москванды көрүге, Москвадағы көктің күні емес, жердің сөнбес күні ұлы Ленинді көрүге асықтым. Менің өмірімді нұрландаған Москваға да поезд жақындан келеді. Менің жүрегім таудай тулап поездан бұрын жетуге асығады, қарлығаш болып қанат қағып ұшқым келеді. Қасиетті Кремльдің қақпасынан отіп, Лениннің терезесінің алдында түрған бұтаққа барып қонып, Лениннің бір ғана қымылын барша адамға бақыт заңын жазған қайырлы қолын оның тасты ерітетін мейірімді қозінің қырығын оз көзіммен көрсем арманым болmas еді деймін. Бұл менің өнімдегі түсім сияқты еді. Мен осы жылдардағы өлеңімнің денін жер жүзі енбекшілерінің күн косемі Ленинге арнадым. Бұл олеңдерім 1925 жылы Москвада озім құрастырып шығарған казақ кедей ақындарының Ленинге арнаған «Таң олеңдері» деген жинақта басылып шықты.

Москвада, үлкен коммунистік университетте оқып, Москваға әбден козім үйреніп алған соң бір күні жалғыз озім Ленинді корейін деп, озін кормесем басқан ізін көрейін деп, революция жасалған кезде Ленин жүрді-ау деген кошелермен жүріп отырып, қасиетті кәрі Кремльді бір айналып шықтым. Сонда аз кідіріп Ленин осы Кремльдің ішіндегі алтынмен апталып, күміспен күптелмеген шағын, жұпның кабинетінде, бірақ патшаның алтынмен апталған, күміспен күптелген кабинетінен он есе, жұз есе, мың есе артық,

әділеттің туын тіккен кабинетінде бүкіл адам баласының бақыты үшін жұмыс істеп отыр ғой деп ойлап коям. Оған адам баласының бақыты үшін мөңгілік омір тілеймін. Мен ғана емес, бүкіл адад ниетті адам баласы тілейді.

Кайтып келе жатып күтпеген жерден Тверь бульварында тұрған орыс халқының ұлы ақыны Пушкиннің ескерткішіне кез келдім. Бұрын кітаптан сан рет корген ақындардың ақыны Пушкинді тани кеттім. Ол бізben бір ғасырдан соң тірілердің тірілерінше амандастып тұр. Ол халық жүргегіндегі жақсылықты жебеп оятқан, халық жаңына жырымен жақсылық, қайырымдылық еккен, халықты жырымен ізгілікке болеген кең пейіл, кеменгер ақын. Ол халық жүргегінде мөңгі жасай бермек – деген қасымда тұрған қадірмен қарттың сөзін есіттім. Нақ осы жерде халқымның ұлы ақыны Абай есіме түсін кетті. Оған да осындағы ескерткіш орнатады менің халқым дедім ішімнен. «Ұлы адамдар бір-бірін ұзақтан көреді» дейді біздің халық. Бұл нағыз шындық. Абай Пушкинді ұзақтан көрді. Оның әрі кетпес өлеңін аударып қазақ халқына жеткізді. Қазір қазақ халқы Пушкинді Абай қандай білсе, сондай біледі. Сондай сүйіп оқиды.

...Әлі есімде, 1923 жылы жазғы демалыста Москва-дан өзімнің туған Богеніме қайттым. Поезден Қожа Ахмет Яссайдің ескерткіші тұрған Туркістан қаласына келіп түсіп, қаладан сексен шақырымдай Богенге дейін Бейсембай Кенжебаев (Осы күнгі ғылым докторы, Каз-ГУ-дің профессоры) екеуміз атпен жүрдік. Жолшыбай бір ауылдан соң, бір ауыл. Бостандық алғып, жалмауыз байларынан құтылған ел еркіндеп өсіп қалған. Береке кіріп, тойып, тыңайып қалған. Етекке жабысып қонақ болып кетіндер деп қоймайды. Әңгімелескісі келеді. Москва хабарын, Ленин жағдайын есіткісі келеді. Үлкендерден жырыла берсек қарыны жылтыраған жалаң аяқ, жалаң бас қара домалақ балалар эне жерден де, мына жерден де алдынан жұғріп шығып, шылауынса оралады. Ағалар әңгіме айтындар, біз де қалада оқығымыз келеді деп бізге қызыға, таңырқай қарайды. Менің барлық балаларды, еркіндік алғып онып қалған елді, гүл өскен кең даланы құшақтап сүйгім келеді. Оларға еркіндіктің алтын ордасы – Москва туралы, ұлы мейірман Ленин туралы, достасқан халықтар тура-

лы өңгіме айтқым келеді. Барлық білгенімді, сүйгенімді халқыма жеткізгім келеді.

Жұйрік атпен кейде жортып келемін.  
Кең далада өлец айтып келемін.  
Жан-төніммен білім күмар халқыма  
Білгесімнің берін жазып беремін.

Сойтіп 1927 жылы «Қошан кедей» әңгімелер жинағын шықты. 1929 жылы «Қарлығаш», «Таң сырь» деген олең жинақтарым шықты. Аталарың осы жасына жеткенше елудей кітап жазып бастырып таратты. Соның ішінде балаларға арналғаны көбірек. Бір жылы қалада тұрсам да құлағыма аққудың даусы естілді. Қасеннің сыйызысының үндере естілді. Енді поезд емес, самолетке мініп самғай ұшып, өзімнің Бөгөніме жетіп бардым. Қасеннің баласы Тұрашты көрдім, ол да атасы, әкесі сияқты өнерпаз сыйызыши еken. Домбыраны да әсем тартады еken. Ел де жаңарған, жер де жаңа, бұрынғы «Жалғызағаш» атанған жерге мындаған жас ағаштар өсіп, ішінде бұлбұл сайраған орман болған. Суы тапшы кішкене Бөгөн кіші-гірім пароход, катель жүретін суы мол, балығы коп көлге айналған. Бөгеннің пионерлері мені сарайларына қонақша шақырып, құрметті пионер етіп алғып, баяғы аққу тұнде келіп, таңға жақын кісі көзіне шалынбай кетеді дейтін аққу гүлінен тұнқытқан өдемі бөгет жасап тартты. Сөйтіп бір кезде:

Бөгөн мен сенің баланмын  
Жас гүлімін жағанның.  
Жазыңның жыршы бұлбұлы  
Жырымын жаңа заманның, —

дейтін Бөгөніме барып, аққу үнін тыңдал жасарып қайттым.

*Дайындаған —  
акынның жұбайы  
Майнұр ТУРМАНЖАНОВА.*

## ЗАМАНДАС ТУРАЛЫ СЫР

Қазаның қандай болса да ауыр. Қара жерге ешкімді де қиғың келмейді. Табиғат ісіне тағы қарсы тұра алмайсың. Сонда да қашан кондіккенше кокірегінді қарс айырып, жан-жүргегінді жегідей жетін қимас қайғылар бар. Қазақтың белгілі ақын-жазушысы Отебай Тұрманжановтың дүниеден отуі мен үшін дөл осындау ауырлығы болды. Оның өзінше себебі бар еді...

Біз Отебай екеуміз бір жерде, топырағы сортаң суы аңы, Боген озені жағасында бір жылы тудық. Бір күмға аунап, бір суға шомылып, бір ауа жұтып ер жеттік. Өміріміздің бастау-арнасы, балалығымыз, жетімдік тағдырымыз аса үқсас жағдайда өтті.

Біз Отебай екеуміз 1920—1922 жылдары Ташкентте балалар үйінде-интернатта бірге тәрбиелендік. Бір бөлмеде жатып, бір класта оқыдық. Бір үстаздан дәріс алдық, Отебай ақын ол кездерін “Интернатта оқыдым” (оленінің аты), — деп мақтан етер еді, мен қостар едім.

Интернатта оқып жүргенімізде Отебай өлең жазатын, сол себепті бала ақын аталушы еді. Оның сол кезде жазған бір оленінің алғашкы екі жолы мениң өлі есімде. Ол:

Болыпты бір ауылда қара тобет,  
Болыпты бір ауылда және тобет, —

деп келеді. Ақын осы екі тәбетті таластырады. Соны ауылдағы таң тартысына меңзейді.

Интернатта жүргенімізде Отебайдың үстінде үлкен сары пальтосы бар еді. Ол кез өрине әркім тапқанын киетін тар заман. Ақын бала көп алдына шығып өлең оқығанда, оны Отебай емес, сол сары пальто оқып түрғандай сезілетін еді...

Білім қорын молайтқан сайын Отебай жазу өнеріне жақсылап ден қоя бастады. Хабар, мақала, өлең, әңгіме жазды. Оның алғашкы “Ардақты қарындасым, атың Ажар” деген олені 1920 жылы мектептің “Жас жүрек” газетінде жарияланды. 1921—1923 жылдары “Көз өлшеуі қалды да, метр өлшеуі колданды”, “Омір сиқы” сияқты өлеңдері “Жас қайрат” журналында шықты.

Отебай екеуміз 1922—1925 жылдары Москвада

Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіндегі оқыдық. Тағы да жұбымыз жазылмады: үнемі бір болмеде жаттық, тәлім-тәрбиені бірге алдық.

Онда біз – Отебай, мен, Жұсіпбек Арыстанов, Илияс Қабылов, Сұлтан Лепесов – бәріміз әдебиет үйірмесін үйімдастырық, қолдан жазып журнал шығарып түрдүйк. Үнемі жиналыс өткізіп, әрқайсысымыз әр мәселеден баяндамалар жасадық. Үйірменің жиналыстарына әр кезде Фани Мұратбаев, Сәкен Сейфуллин, Нәзір Төрекұлов, Садықбек Сапарбеков, Әбдірахман Байділдин қатысып жүрді. Осы үйірmede Отебай олең оқып, ақындар шығармасы жайлы баяндамалар жасайтын.

Москвада оқып жүргенімізде біз – Фани, Отебай, Жұсіпбек тортеуміз косылып “Ақжол” газетінің бір данаһымақ пікіріне қарсы “Артық етемін деп, тыртық етіп жамау керек”, – деген мақала жаздық.

Отебай, Жұсіпбек, мен, Сұлтан, Бабаш Кеншімбаев 1923 жылы жазғы демалыс кезінде, сол кезде Озбекстан, Қырғызстанның онгустігінде болып жатқан басқыншыларға қарсы соғысқа қатыстық. Бір әскери белімде болдық. Қызыл әскерлермен бірге жүріп, бірге соғыстық, жергілікті халықтар арасында саяси-ағарту жұмыстарын жүргіздік, үгіт-насихат айттық.

Сонда біз Отебай екеуміз талай рет қолымызбен жазып газет шығарып, оны шайханаларға, мешіттерге, базарға, дүкендерге апарып оқып беріп жүрдік. Газетіміздін аты “Дархан” болушы еді.

1924 жылы жас ақын Отебай “күнсіздерге күн болған” ұлы адам, көсем, данышпан В.И.Ленин жонінде “Ленинге”, “Сұңқарға” деген өлендерін жазды. Отебай өзінің және біздің тілегімізді өлеңінде қатар жеткізіп жатты. Жас ақынды тоңіректеуші достары косемге біздің ниетіміз де жетті деп қуаныстық.

Екеуміз 1925–1935 жылдары бір мәдениет майданының екі саласында қызмет істедік: мен журналист болдым, Отебай жоғары дәрежелі оқу орындарында сабак берді. Та什кенттегі Орта Азия коммунистік университетінде, Аматыдағы қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында оқытушы болды. Педагогикалық қызметте жүріп те, ол жазушылар үйімінің жұмысына, газет-журналға белсене араласты.

Бұл жылдар Отебайдың ақындық бұлағының козі

ашылған, ақындық таланттының тасқындаған, еңбегінің онімді де жемісті болған дәүірі. Ақын бала Өтебай осылай корнекті ақын-жазушы болды. “Таң сырьы”, “Қара алтын”, “Шыршық сырьы”, “Жас тілшілер”, “Қошан кедей”, “Күміс қылыш”, “Пулемет” деп аталатын жыр жинақтарын берді. Осы жылдары ғылыми ойларын ерістегіп мақала-зерттеулер, түрлі оқулықтар жазды.

Мен Өтебай шығармаларын қадағалай оқып отырдым. Ақынның бет алысын, қабілетін, таланттың бақтым. Үйде де, түзде де шығармамыз жөнінде кеңесіп, пікірлесіп түрдік. Дайым баспасоз бетінде мақала жазысып, бір-бірімізге достық қол ұшын беріп жүрдік. Пікірлеріміз қашанда уақыт ағыны, әдебиет талабы түрғысынан еді. Сол себепті бату тиген, қату тиген сәттеріміз бар. Бірақ қабак шытысқан кезіміз болған емес. Екеуміз әдебиеттің екі арасында қызмет істей жүріп аса тату-тотті остік.

Ол қоғамына, халқына аяғынан тік тұрып дүлдүлін жортыш, бұлбұлдай сайрап елу жылдан астам еңбек етті. Еңбекпен өткен елуі үшін ол бақытты сезінер еді. Нәтижесінде үлкенді-кішілі алпысқа тарта шығармалар жинағын қалдырыды. Тұған халқына жан сырын жайып салып, жырга айналдырып тастап кетті. Өтебай еңбектерін қайыра актартып, қадағалай оқып отырамын.

Өтебай Тұрманжанов еңбектерін екі салаға, екі үлкен топқа бөлуге болады. Бірі – Өтебайдың коркем шығармалары, олеңдері мен поэмалары, әнгімелері мен повестері, екіншісі – ел аузынан жинаған халық қазынасы: қазақтың мақалдары мен мәтелдері.

“Олеңім – менің өмірім”, – дейді Өтебай. Ақын қalamынан мейлі қай кезде болсын туған көркем шығармалардың негізгі тақырыбы оз өмірі, туған халқының тағдыры; Ұлы Отан, совет адамдарының құнделікті ерлік істері, асқақ ойлары, ізгі сезімдері. Соларды ақын бірде шағын олең, бірде үлкен дастан, тағы бірде әңгіме, повесть жанрларында жазды.

Өуелден Өтебай шығармаларының идеялық негізгі күре тамыры Октябрь революциясы, Ленин, партия жолы болатын. Ақындық шығармашылық жол осылай анық та ашық бағытпен басталған еді. Соған сүйеніп, ол халық тіршілігіндегі ескіні өшкереlep, жана заман жаңалығын мадақтап жырлады. Халыққа, Отанға, совет адамдарына ақын:

Жазының жаршы бұлбұлымын  
Жаңа заманың жыршысымын, —

дейді.

Тұрманжанов өлеңдерінің тұрақты қасиеті — олардың кобінше сыршыл лирика болып келетіні. Революцияның алғашқы жылдарында, озі сияқты қазақ ақындарының көпшілігі жалаң саяси лирика, үгіт өлең жазып жүрген кезде Өтебай лирикалық өлеңдер жазатын. Ал саяси лирикаға бой ұра қалса, оны поэзия талабымен әрлеп, үгіттік сипаттан алшақ үстайтын. Осы тәсілді ол күні кеше дүниеден өткенше шығармашылық принципі ретінде қатаң тұтынды.

Яғни ақын өзінің сезген-түйгенін, айтайын деген ой-пікірін ішкі жан-дүниесі, жүрек сыры, асыл сезімі, шаттығы мен шері, мінез-қылышы бейнелеп, бедерлеп береді, окушының жүргегіне қиналыс-қалтарыссыз жететіндегі жылы етіп береді.

Өтебай Тұрманжанов қазақ совет балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі болып табылады. Ақын бұл бағытта да айрықша тер төгіп, жеміс берді. Оның шығармаларының бірсыншырасы (көбісі) сол себепті балаларға, жасөспірімдерге лайықталып жазылған. Автор оз кейіпкерлерінің сырын, мінезін, тілін жете біледі. Балалар кескінін шебер кестелейді.

Ақынның балалар әдебиеті сапарында ізденуі, оның жалпы шығармасына жақсы ықпалын тигізгенін айтуымыз керек. Ол — шығармаларының тілі. Өтебай шығармаларына тән бір қасиет — олардың тілі әрі қарапайым, әрі көрікті. Жасандылық, жалтырақ жоқ, табиғи тіл мәйегі. Сондықтан ақын шығармалары үлкен-кіші деп окушы талғамай өзіне тарта, баурай жонеледі. Ақын шығармалары нағыз халықтық, әдеби тілде жазылды. Оның өзі “окушыға түсінікті болайын, солардың көңілін, тілін табайын, шығармаларымды нағыз халық әдебиетінің соны, бай тілімен жазайын деп, халық ауыз әдебиетін көп жинал, көп зерттедім. Бұл ойым орын тапқан сияқты”, — дейтін еді сырласа кеткенде. Мұнысы рас.

Осы өзі айтқандай, Өтебай қазақ халқының ауыз әдебиетін көп зерттеді; 40—50 мыңдан астам мақалмөтөл жинаады. Оларды екі-үш кітап етіп бастырды. Байқап отырса, Өтебай достың бұл еңбегінің де мәдени, ғылыми маңызы зор.

Өтебай маған адал дос, ардақты онер адамы ретінде қымбат. Тіршіліктे оның өзіне қарал, өнбойынан өлең-өнер іздейтін едім. Енді өзі жоқта олендерінен, бүкіл шығармасынан оның өз бейнесін іздең отырмын. (Шығармасын соз етіп отырғаным да сондықтан). Ойлап отырсам Өтебай достың үлкен тұлғасы оның өлендерінде бейнеленіп қалған екен. Өте-мәте мен оның мына өлөнінен оның өзін көремін де қоямын:

Адал жүріп, аяңдап  
Тек қана еңбек істедім.  
Сырымды айтсам баяндап  
Арамнан ас ішпедім.  
Құлықпен жүлдес алам деп  
Құлпырып қөзге түспедім.  
Отірік олжа салам деп  
Бусанып бекер іспедім.  
Бірді бірге айдап сап  
Арамнан олжа таппадым,  
Бір көргенде жайнақтап  
Бұрыла бере қаппадым.  
Көзге жақсы көрініп,  
Жамандықты бақпадым.  
Жылтылдақтан жерініп  
Жұпнының тапқаным.  
Талалтыны қызғанып  
Етегінен тартпадым.  
Біреуге бекер назданып  
Салмағымды артпадым... —

дейді, ол өзі туралы. Бұл мен білетін Өтебайдың жансыры, бар шыны. Тағы да екеуіміздің сырымызды қатар жеткіздің деп риза боламын.

Өтебай өмірді жырлады. Ол өмірге құштар еді. Өтебай адамдықты, адалдықты, махаббатты жырлады. Өйткені оның тұлабойы — махабbat, ізгілік, адамгершілікке толы еді. Ол адамдарды жаңалыққа, жақсылыққа, ерлікке үндеді.

Сөз басына қайта оралғанда, Өтебайға дегенде менің көңілімдегі қимастық сазы, қиналу сырым енді түсінікті шығар. Өйткені ол менің бала жастан, басымызды ақ шалғанға дейінгі жұбымыз жазылмаған, аштық пен тоқтықта, молшылық пен таршылықты бірге

татқан өмірлік досым, бауырым еді. Бүкіл ата жұртым, ауыл-аймағым сияқты-тын. Кейде ойлаймын: сенсіз Бөгенді қалай сағынармын, сенсіз туған жер, балалық шақты қалай еске алармын,— деп. Дегенмен ақын достың артында қалғанда мұрасына көз тігіл көңіл жұбату дұрыс шығар. Оның осы уақытқа дейін халқын ізгілікке тәрбиелеп келген жыр-мұрасы алда да осы тарапта өз міндетін атқара береріне сенемін. Сенемін де көнемін!

\* \* \*

Әр ақынның әдебиетке келу жолы әр түрлі. Біреу ә дегенде алғашқы адымынан ақындық бетін айрықша аңғартады да, тұзу аңғармен тасқын судай асып-тасып, жыр толғай өтеді. Келесі біреу алғашында ұзын-сонар көшке ілби ілесіп, кейін келе таланттың көріктендіре ашып, жемісін соңынан береді. Ұшінші біреу “шолак сай тез тасиды” дегендей, екпіндей келіп, санаулы жылдар ішінде тез солықтап, таусылып, ғұмыр бойы белгісіз өтеді.

Осылардың шығарып айтсақ, мінезі биязы, өзі бүйіғы Отебайдың ақындық жолы әдемі арнасын тапкан, біртінде кемелденетін өзен іспетті болыпты. Ол әдебиетке өзінше келді. Жиyrма жасында: “Бөген, мен сенің балаңмын” деген өлең жазды. Жас қаламның елеулісін түгел келтірейік:

Бөген, Бөген, Бөгенсің!  
Балдай тәтті өзенсін.  
Балдай тәтті суынды,  
Балама болсын дегенсің.

Бөген, мен сенің балаңмын,  
Жас гүлімін жағаңың.  
Жазыңың жаршы бүлбұлы  
Жырымын жаңа заманның.

Жирма жасар балаң ақынның қаламынан туған өлең соншалық табиғи; әрі алтындаі таза. Ең бастысы – ақын ойға алғанын көңіл сазына баурап сыршыл қалыпта жеткізіп отыр. Сыршылдық ол жылдары – соншалық типтік құбылыс емес-ті. Патетикалық өлендер басым еді де, сыршылдық – жылауық мінезге баланатын.

Сыршыл олең жазған ақын сыналатын. Шынына келгенде, біз көлтірген олең ол жылдары қалыптасқан, ірі ақындарда да сирек кездесетін: пісіп жеткен олең бұл! Шығармашылық жолдың бұлақ-бастауында табиғи коніл сазын ақ қағазға төккен сыршыл олеңдер Өтебайда біраз. Қатал сыннан кейін, амалсыз патетикалық, пафосты өлеңдерге ден қойған. Жиырмасыншы жылдардағы өмір күнделігі, тіршілік, еңбек шежіресі іспетті “Жұмыскер жол салды”, “Жас өскер”, “Тілшілерге”, т.б. олеңдер ақын қаламынан осы кезде туған.

Кінө – тақырыпта емес. Ерегістірсөң үстел үстіндегі сия сауыт жайлы әңгіме жазамын деп Чехов айтқандай, шындалап келгенде өмірде онерге тақырып болмас құбылыс жоққа тән. Мәселе – талант табиғатында. Өтебай Тұрманжанов лирик еді. Жиырмасыншы жылдардың әдеби ортасы нәзік лириканы қабылдай алмады. Әйтсе де Өтебай өз табиғатынан кетіп қайда барсын, күнделікті өмір шақыруына үн қоса жүріп, лирикалық өлеңдер жаза берді.

Қыраулы қыстың көзі айнала аспан,  
Аппак қар ак мамықтай жерді басқан.  
Құлімдеп көкжиектен күн анасы,  
Бетіне ақша қардың меруерт шашқан, –  
*(Қысқы дала)*

деп суретті өлең әкелді дүниеге.

Жандырма, сұлу, жанымды,  
Жанарлы қара көзінмен  
Жүргім саған бағынды,  
Құмарлы ыстық сезіммен, –

деп махабbat, іңкөрлік сезімін жырлады. Махабbat демекші, Өтебай Тұрманжанов шығармасының алғашқы кезеңінен анғарылатын өндігі бір мінез, жиырмасыншы жылдардың қатал, қысан талабына қарамастан, ол махабbat жыршизына айналды.

Саған деген кірбінің жоқ жаным бар,  
Саған деген жүргегімде жалын бар.  
Сенен аяр не бар менің бойымда?!

Керек десен жүргегімді ал, жанымды ал! –

секілді олеңдер жиырмасыншы-отзынышы жылдары соншалық тосаң, тосын еді. Ақындық табигат, ларын беделділігі – соны айтқызды. Ол олеңдер уақыт беделінде босқа кетпей, ақын есімімен бірге жасап келеді. “Күн мінезді құлқісі бар, Гүләйім!”; “Жандырма, сұлу, жанымды”, “Жарына жітіт ант етті”, “Гүләйім”, “Дариға, сол жастықты сағынамын” т.б. өлеңдер ақынның үздік те, өміршөң лирикалары.

Ақын әдебиетке келген жиырмасыншы, отзынышы жылдары көптеген дәлелсіз, дәйексіз сын естіді. Ол сындар – ақын лирикасының ғулдене осуіне кедергі келтірді. Шабыт баяулаған, қалам жемісі азайған жылдар бар. Бәлкім, бұған ақынның жеке бас тағдыры да себепкер болған шығар. Әйтеуір, ақын бірсыныра уақыт лирикадан сүйнғаны мәлім.

Кейінгі жылдары жазған лирикалық өлеңдерінен үздігі ретінде “Кара орман, қалың қара орман” (Сібір өлең циклынан) секілді кейбірін атауға болады. Ақын ол өлеңін:

Кара орман, қалың қара орман!  
Көнілімді кенет бұрасын.  
Кеуденде бардай бір арман  
Құңғареніп кейде тұрасын,—

деп элегиялық сарынмен бастап,

Тербеліп жатқан телегей,  
Тенізге сені балаймын.  
Өлмейтін ұлы өмірдей,  
Қызыға саған қараймын,—

деп оптимистік рухпен түйеді.

Расында, Сібірдің бүгінгі келбеті – ақын жырын шындыққа шығарғандай.

Бұл айтылғандар – Өтебай Тұрманжановтың ақындық бір ерекшелігі.

Ақын – өз дәуірінің перзенті. Ол белгілі бір кезеңде тіршілік кеше отырып, өз уақытының шындық шежіресін, ерлік істерін, жырламай тұра алмайды. Өтебай жарқырап әдебиет көгіне шыққан, жалындан жыр жазған уақыт – революция уақыты, жана өркен жайған шағы. Ал, мұндай ғажайып өмірде ақынға тақырып аз-

дық етпесе керек. Өтебай өз доуірінің шындығын жүрек сүзекісінен откізе жырлап ақындық өмірбаянын жасаған.

Ертеректегі бір өлеңінде ол өз өмірі жайлы:

Әкем малай, шешем күн,  
Күнімде – тұн, тұнім – тұн,  
Құл ессебі койшы едім,—

дейтін. Немесе, Арыс өзені жайлы өлеңінде:

Жағанда жаста отырып,  
Шертуші ем саған сырымды.  
Суынды жаспен толтырып,  
Жырлаушы ем жастық мұнымды.

Жағанда жүріп жаз жайлап,  
Жарында қозы қайтардым,  
Сыбызғы тартып сырнайладап,  
Сырымды кімге айта алдым?! —

дейді.

Жан сыры болып айтылған шер Өтебайдың өзінің бастан кешкен тағдыры. Лирикалық геройдың мұндық халі. Революцияға дейінгі омір шындығы. Соны ақын өз өмірбаянымен қабыстырып әсерлі жырлады.

Ақынның уақыт, қоғам жайлы жырларын ізіне түсे оқысад, лирикалық геройдың Октябрь революциясы арқасында теңдік, бостандыққа қолы жеткенін, тең құқылы азамат ретінде жаңа қоғам “кетігіне өз орнын тауып қалғанын” көреміз. Ақын осы өзгерістерді арзандатпай, көркемдігін төмендетпей, әсерлі айтып бере білді.

Уақыт өткен сайын лирикалық герой сезінуі, толғанысы ірілеп, омірбаяны соқталана түсті. Шындалап келгенде бүл ақынның шығармашылық мәнерінің де алуан қырланып осе түсуінің корінісі еді. Лирикалық геройдың отбасылық сезімнен Отандық борышқа, сүйіспеншілікке өсе, есейгенін анғартатын бір өлең бар ақында.

Отаным деп үйімді алғаш санағым,  
От жаққан жер қолыменен ананың.

Құттыхана мешітім деп құрметтеп,  
Мейірін токтім оған адаптацияның.

Расында Отандық сезім отбасынан басталады ғой. Өтекенің лирикалық герой да ұлы сезімді сол өзінің отбасынан тұшына өседі. Келе-келе ұғым, түсінігінде диалектикалық пікір қалыптасады. Ол енді Отан-Ана-ның да перзенті:

Ессеңген соң елім болды Отаным,  
Аялайтын арым – алтын ошағым.  
Адал жанды азаматым десе Отан,  
Сол бір сөзден бақыт дәмін татамын.  
Сырымды кімге айта алдым?!

Бұл – лирикалық геройдың іштей түлеуі.

Әңгіме – лирикалық герой жайына ойысты ғой. Лирикалық герой қазіргі көзқараста ақыннан дербес тірлік кешетін, белгілі авторлық концепция жемісі. Сондықтан да сыншылар, Гете үшін бір мезетте Фаустың, енді бір сөтте Мефистофельдің күйін кешу – қаншалық ақын болғанын тілге тиек етеді. Қазақ поэзиясында поэма секілді эпикалық туындыда болмаса, шағын лирикасы автор мен лирикалық геройдың ара-жігі көп уақыт ажырамай келді. Лирикалық геройдың сезінуі – ақынның сезінуі, ақын тағдыры – лирикалық герой тағдыры. Осы жағдайда Өтебай лирикаларынан да кезіктіреміз. Ол бір өлеңінде:

Малға емес, арға бай,  
Досым болса, дер едім.  
Ақ орда емес, жанға жай  
Косым болса, дер едім, –  
(“Досты дос шайға шақырап”)

деп жырлады.

Өтебай өмірде осындағы қарапайым да, адаптация жан болатын. Достарын жалған кісілігі үшін емес, кішілігі, қарапайымдылығы үшін ұнататын. Әрі осынау халық толғауы формасында жазылған өлеңде – достық, адаптация, қарапайымдылық жайлар халқымыздың ғасырлық ойы, философиясы жатыр. Ақын халық пікірін – пір тұтқан. Өзінде барды, көңілі, жаны қалаған қасиетті